



№49 (9936)  
20 маусым  
сейсенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## ЖАРШЫСЫ



## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ОРТАҚ МАҚСАТҚА ҰЙЫСТЫРАДЫ



Дала демократиясын жаңғыртып, ұлтымыздың ұлы миссиясын жалғаған Ұлттық құрылтай Түркістан қаласында жалғасын тапты. Биыл ол екінші рет өтіп жатыр. Еске салсақ, құрылтайдың алғашқы отырысы үш жүздің басын қосқан Ұлытау өңірінде өткен болатын. Екіншідік іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, азаматтық қоғам мен саяси партиялардың өкілдері қатысты.

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиынның алғашқы күні еліміздің әрбір аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күні негізгі жиында Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Иә, елді толғандырған мәселелердің ауқымы да, бағыты да алуан. Жалпы, құрылтай барысында болсын, онлайн арналар арқылы болсын, айтылған әрбір пікір ескеріледі. Барлық мәселе мұқият зерделеніп, шешімі табылатын болады. Бұл туралы Мемлекет басшысы сөз басында тілге тиек етті.

Сөз басында бірден атап өтейін, меніңше, Ұлттық құрылтай, бұл арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдағанда кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған. Бүгінгі құрылтайдың отырысы еліміздегі қайғылы оқиғадан кейін өтіп жатыр. Абай облысында алапат өрт шығып, азаматтарымыз қаза тапты. Тағы да қайталап айтқым келеді: біз мұндай оқиғадан сабақ алуымыз керек, нақты шешімдер қабылдауымыз қажет. Ел басына түскен қиындықтар, ең алдымен біздің

береке-бірлігімізді сыңға салады. Осындай күрделі сәттер, ең бастысы – шынайы жанашырлық және терең жауапкершілік таңыру қажет екенін айқын көрсетеді. Мұны өздеріңіз өте жақсы түсініп отырсыздар. Ұлттық құрылтай – халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым. Мен бытыр наурыздағы Жолдауымда осы құрылтайды шақыру туралы бастама көтердім. Бұл қадам қоғамдық диалогты нығайта түсу үшін жасалды. Сондай-ақ мұнда ұлттық болашағына ықпал ететін елдік мәселелер талқыланды. Біз құрылтайдың алғашқы отырысын осыдан дәл бір жыл бұрын ұлт ұясы – Ұлытауда өткіздік. Көптеген маңызды істер мемлекеттігіміздің негізі қаланған қастерлі өлкеден бастау алды. Осы игі үрдіс биыл да жалғасын табуда. Бүгінгі басқосу бүкіл түркі халықтары үшін киелі шаһарда өтіп жатыр. Халқымыз әдетте Түркістанды қазақтың рухани астанасы дейді. Дегенмен қаланың мән-маңызы бұдан өлдекейде жоғары, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан кейін өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Әділетті

Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ал түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруі тиіс. Өйтпесе басқа реформаның бәрі бекер.

Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

– Осындай игі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел

тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әрине жалпы қоғам дамуы үшін елімізде ауызбіршілік болуы керек. Сонымен бірге қоғамның дамуына кері әсер ететін көптеген мәселелерден біз арылуымыз керек. Міне, осы бағытта қазір Ұлттық құрылтай жұмыс істеп жатыр. Мұны Қазақ елі жақсы түсінеді.

Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жүргізуге тиіс екеніне назар аударып, осы жұмыстың нақты бағыттарына да тоқталды. Атап айтқанда, Президент мемлекеттік нысандарды жетілдіру, ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту, мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу, еске-лең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру, ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамыту, мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу, шекаралас аймақтарды дамыту, мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде маңызды мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин ашып, жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі.

Мәселен, Парламент мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік қолдаулардың мақсаты жүйелілікпен жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, бізде жеңілдіктер қазір ұстағанымыз қолында, тістегеніңіз ауызында кетіп жатыр. Сондықтан оның барлығын тоқтату керек. Оның орнына, төмен пайызбен несие берген жөн дейді.

– Сонда кім жұмыс істегісі келеді, кім өзінің кәсібін ашқысы келеді, кім шаруашылықпен айналысқысы келеді? Соның 4-5 пайызбен несие алуға мүмкіндігі болса, онда бізде ары қарай да мемлекетіміздің дамуы да орнына келеді деп ойлаймын, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов.

Иә, құрылтай – түркі халықтары, оның ішінде қазаққа да тиесілі төл сөзі болғандықтан, мұны Қазақ елінің арғы дәуірлерден жалғасқан мемлекет басқару дәстүрін жаңғыртудың бір қадам деп қарастыруға өбден болады. Қазақ тарихында Қарақұмдағы халық құрылтайы, Ордабасыдағы құрылтай тағы басқа да ел тарихындағы елеулі мәселелерді қозғайтын келелі кеңеске негізделген жандар өткені белгілі. Сондықтан киелі Түркістан шаһарында өткен ұлттық Құрылтай жаңаша жаңғырудың, жаңарудың басы болса игі еді дейміз.

Жандос ЖАЗКЕН

### Пікір

КҮЛЛІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТЕТІН КИЕЛІ МЕКЕН ТҮРКІСТАНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ИӘ, ҰЛТ ТАҒДЫРЫ МЕН ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ХАЛЫҚ ҮШІН, БІЗ ҮШІН МАҢЫЗЫ ЗОР. БАСҚОСУДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРҒА ТОҚТАЛЫП, БІРНЕШЕ МӘСЕЛЕГЕ ТОҚТАЛЫП ӨТТІ.

## Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі жарқын болашақ



Кензегара СҮЛЕЙМЕНОВ аудандық алқа билер кеңесінің төрағасы

«Өске-лең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе. Біз ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет. Жалпы, дүние жүзіндегі әр ұлт – бірегей. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Табысқа жету үшін жоспарымыз қол жетпес қиялға не болмаса жалаң сөзге емес, нақты іске негізделуі керек. Сонда ғана оның бәрі жұртқа түсінікті, анық болады. Яғни «Қайт-сек табысты елге айналамыз?» деген сұрақтың жауабы айқын болуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Әрине бүгінгі өске-лең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек. Сондықтан біз, аға буын жастарға тура жолды көрсетіп, соларға тілеулес болып, білгенімізді үйретуіміз аса қажет. Міне, келелі жиында осындай ел үшін маңызды мәселелер кеңінен талқыланды.

Жиынның соңында елдің рухын көтеретін тағы бір жақсы жаңалықтың куәсі болдық. Әйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құран кітабы табылды. Әрине бұл – халқымыздың рухы мен жігерін көтеретін еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Марал ишан барша қазаққа танымал адам болғандығы әрбір қазаққа белгілі. Ол төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары ханның үзінгілес серігі болған. Әуелі бұл жаңалықты естігенде қатты қуандым.

### БАСПАСӨЗ – 2023

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Кызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Кызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢИЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢИЗ!

### Пікір

## Байыпты бастамалар болашақ үшін

Мемлекет басшысы, қайраткерлер, саясаткерлер, жалпы зиялы қауым өкілдері киелі Түркістан төрінде Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында бас қосты. Түрлі мәселелер, келелі ой мен ұтымды пікірлер айтылды. Елмен бірге ұлтымыз үшін зор маңызға ие алқапты жиынды онлайн түрде біз де көрдік. Өйткені біз үшін ел болашағы үшін жасалатын әр іс, әр бастама маңызды. Қоғамның бір мүшесі ретінде көкейде жүрген күрмеулі мәселелердің түйіні тарқатылады деп сенеміз.

Иә, Ұлттық құрылтай күн төртбіндегі мәселелердің бәрі өзекті, көкейіме қонды. Алғашқы сөзінде-ақ Мемлекет басшысы «Ұлттық құрылтай – халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым. Мен бытыр наурыздағы Жолдауымда осы құрылтайды шақыру туралы бастама көтердім. Бұл қадам қоғамдық диалогты нығайта түсу үшін жасалды» дей отырып, ұлттық болашағына ықпал ететін елдік мәселелер талқыланып отырғандықтан да жасырмады. Әсіресе Ел Президентінің жас ұрпақтың, өске-лең жастардың ертеңіне бейжай қарамауы Мағжанның «Мен жастарға сенемін» деген қуатты сөзін есіме түсірді. Рас қой, бүгінгі ұрпақ – елдің ертеңі, егесі, қоғамның бір-бір мүшесі. Осы жас-

тарымыздың саналы, ұлтжанды, патриот, білімді, жан-жақты, бәсекеге қабілетті болуы үшін аға буын көп еңбек етуі керек, қолдау білдіруі де қажет. Мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірінің жастар саясатына негізделуі, жүйелі жұмыс істеумен қатар, қазіргідей алмағайым заманда жас ұрпақтың санасына ұлттық болмысқа тән құндылықтар мен мәдени мол мұраларымызды сіңіру көп еңбектенуді қажет етеді.

Жиында жас ұрпақтың келешегіне назар салған Мемлекет басшысы «Жас ұрпақтың, әсіресе қазіргі құбылмалы заманда сыни тұрғыдан ойлай білуі маңызды. Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз қажет.

Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев өте орынды пікір айтты. Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуы тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет. Өске-лең ұрпақты түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру керек деді.

Дамыған елдермен бірге жасап келе жатқан нашарлық біздің елде де бар, өкінішке орай. Қасым-Жомарт Кемелұлының Ұлттық құрылтай отырысында арнайы осы тақырыпқа тоқталуы тегін емес. Ұлт саулығына тұлғабейлі кесірін тигізетін, адам өміріне балта шабатын, жастардың өмірін



Садық АЛИЕВ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

біржолға шығаралғанға түсіретін осы тәуелділік жойылмай отырғаны тағы бар. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген халықпыз, сондықтан жас ұрпақтың тәрбиесін қоғам болып қолға алу, атсалысу болашағымызды бұлыңғыр етпейді. Бірлік керек, бірлік болған жерде тірлік те, нәтиже де болады.



Сапар



# Аяқ суды үнемдеу бәрінен маңызды

**ӨТКЕН СЕНБІДЕ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СЕРІК ҚОЖАНИЯЗОВ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. №312 СУ ТОСПА БЕКЕТІНІҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСҚАН СЕРІК ҚОЖАНИЯЗОВ ЖЕРГІЛІКТІ ШАРУАШЫЛЫҚ ТӨРАҒАЛАРЫ МЕН АУДАН БАСШЫСЫ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПТЫ АЗАМАТТАРҒА ТИІСТІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРУДЫ ТАПСЫРДЫ.**

Айта кетейік, ауданда 21 дана су тоспа құрылысы бар. Өткен жылы №278, №142 бекеттеріне, биыл №75, №505 бекеттеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Шаруалардың ұсынысына сәйкес, келер жылы №312 бекетке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

«Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов бұл бекеттің апатты жағдайда екенін айтады. Ол бұл мәселенің ерте көктемде суды пайдаланып қалуға тырысатын шаруаларға айтарлықтай көдергі екенін жеткізді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары сала басшыларына жоба құжаттарын әзірлеп ұсынды тапсырды. Демек, келер жылы егіс барысында аталған су бекетіндегі мәселе шешімін тауып қалуы ғажап емес.

Су тоспа бекетінің жағдайымен танысқан жауапты сала басшылары «Ер-Әлі»

шаруа қожалығының 30 гектар күріш алқабына орнатылған суды үнемдеудің жаңа технологиясымен де танысты. Бұл – Қызылорда облысындағы бірінші автоматтандырылған тоспа. Жаңа құрылғы әр литр сайын өтетін судың мөлшерін есептеп, автономды түрде күн сәулесінен қуат алатын батареяларымен жұмыс істейді.

– Биыл 700-800 гектардай алқабымызда жоңышқа бар, одан бөлек 1450 гектар күріш ектік. Жалпы, бізде жердің барлығы толық тегістелген. Су тапшылығы кезінде бізге бірінші міндет – оны үнемдеу. Соған байланысты биыл су үнемдегіш құралын қойдық. Қазір бұл құрылғы әрбір тамшы суға дейін есептеп тұр. Қазіргі таңда 12,5 мың куб су үнемдеп отырмыз. Күзге дейін 19-20 мың куб су үнемдейміз деп жоспарлап отырмыз. Жалпы, біздің Сыр өліне қажет құрылғының бірі де бірегейі

осы. Суды үнемдеуді қазірден бастамасақ, ертең кеш қаламыз, – дейді «Ер-Әлі» ШҚ төрағасы Әліби Бекжанов.

Айта кетейік, шаруашылық дән себүді сәуірдің аяғында бастап, мамыр айының ортасында Сыр салысын 100 пайыз суға бастырған. Төраға Әліби Бекжанов мамырдың аяғына дейін күріш егуді тоқтататынын айтады. Себебі ол одан кейін егілген күріштің сапасы дұрыс болмайтынын айтады.

– Ауа райының алдағы уақытта қалай болатынына ешкім жауап бере алмайды. Сондықтан біз неқұрлым ерте бастап, жұмысты уақытында аяқтау қажет деп есептейміз, негізінен күріш көлемін көбейту емес, өнімді арттыруға жұмыс жасаған дұрыс. Мың гектардан 50 центнерден өнім алған дұрыс па, 500 гектардан 80-90 центнерден өнім алған ыңғайлы ма? Міне, осы

сауалдың түйінін тарқатуға басымдық беру керек, – дейді ол.

Шаруашылық төрағасының саланы тыңғылықты зерттеп алғанына таласымыз жоқ. Осындай үлкен ізденіспен іс бастаған адам ғана мақсатына жете алады. Бұл сөзімізге Әліби ағамыз басшылық ететін шаруашылықтың бүгінгі тынысы дәлел.

Былтыр шаруашылық күріштен бөлек бірнеше гектарға бақша дақылдарын еккен. Одан шыққан өнімді аудан, қалаберді аймақ жұртына арзан бағада ұсынды. Апта сайын аудан орталығында жәрмеңке ұйымдастырып, елдің қыстық азығын қамдап алуына жағдай жасаған. Қуантарлығы, бұл бастама аяқсыз қалмапты. Биыл төраға 15 гектар алқапқа бақша дақылдарын еккен. Оның басым бөлігіне картоп пен сәбіз орналастырылған.

Аймақ басшысының бірінші орынбасары «Оңтүстік» коллектор арнасындағы суды қайта пайдалану үшін орнатылған насос қондырғыларының жұмысымен де танысты. Серік Қожаниязов бүгінгідей аяқ су қат болған тұста суды үнемдеудің маңызын жеткізіп, шаруашылық төрағасына мейлінше осыған басымдық беру қажеттігін ескертті.

Айта кету керек, су тапшылығы жағдайын ескерген аудандағы шаруашылықтар насос қондырғыларын пайдалану арқылы егінді сумен қамтамасыз етуде. Шаруашылықтарда барлығы 14 дана насос қондырғысы бар. Оның ішінде 8 дана насос қондырғысы «Жалағашсуушар» өндірістік учаскесінен үлестірілсе, 6 дана насос қондырғысын шаруашылықтар өз қаражаты есебінен алған.

Жалағаш ауданындағы егін науқанының қызу тіршілігімен танысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қожаниязов «Агрохимсервис-С» ЖШС-ның түйіршіктелген азот тыңайтқыштарын өндіру зауытына барды.

«Агрохимсервис-С» ЖШС-ның түйіршіктелген азот тыңайтқыштарын өндіру зауыты «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы 2020 жылы іске қосылған. Зауыт жылына 50 мың тонна түйіршіктелген азот тыңайтқыштарын өндіреді. Қазіргі таңда зауытта 15 адам тұрақты жұмыс істейді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Спорт

**АРМАНЫ АСҚАҚ АЛМАШ ҚАЛИЛАҚЫЗЫНЫҢ БАЛДӘУРЕН ЖАСТЫҚ ШАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ТҮСПА-ТҮС КЕЛДІ. ТҰЛЫМШАҒЫ ЖЕЛБІРЕГЕН ҚАРШАДАЙ ҚЫЗ ҚИЫНДЫҚ КӨРІП ӨСТІ. АУЫЛДАҒЫ АПА-ӘЖЕЛЕРІМЕН БІРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕП, ЕҢБЕККЕ ЕРТЕ АРАЛАСТЫ, ТЫЛДА ЕҢБЕК ЕТТІ. 19 ЖАСЫНДА ЕРҒАЛИ ТӘЖЕНҰЛЫМЕН БАС ҚОСЫП, ҰЛ-ҚЫЗ ТӘРБИЕЛЕП ӨСІРДІ.**



Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

# Тартысқа толы турнир

Алайда олардың тату-тәтті өмір сүріп жатқан күндері ұзаққа созылмады. Ерғали 1968 жылы 41 жасында қайтыс болды. Жол-Ол 1952-1956 жылдары аралығында мұғалім болып қызмет атқарған. «Кейін екі көзден айырылып, дүниеден өткенге дейін ауданда соқырлар қоғамы ұйымының басшысы болып қызмет атқарғанын бала болсам да білетінім» дейді қызы Қоғажай Ерғалиева.

– Анамыз жас келін болса да қара жұмыспен шыңдалып, елге танылды. Қазіргі «Сәрке батыр» шаруа қожалығында ұзақ жыл сушы, күрішші болып еңбек етті. Тірі пенде тіршілігін жасайды. Еңбектен қол үзбеді. Небары 36 жасында жесір қалып, 6 перзентін өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. «Элеваторда» жұмыс істеген жылдары вагондарға астық тиіп, 70 келі ұнды жігіттермен бірдей көтеріп түсіретін. Ер азаматтармен бірдей жұмыс істеп, еңбекпен есейген анамыз жыл өткен сайын шыңдалып, қайратына қайрат қосты. Ол әйелдер арасындағы күресте алдына жан салмайтын. Қарсыласын алып та, шалып та жығатын. Жауырыны жерге тимеген палуан әйелді аудан халқы «Палуан Алмаш» деп орынды мақтан ететін, – дейді Қоғажай апай.

1953 жылдың 1 қаңтар күні білім бөлімінің басшысы Ұзақ Еспанов Қараөзек бойында 4 фермаға сабақ беруге Қоғажай апайдың өкесін жібереді. Үскірік аязды артқа тастап, – Жалағаш жұрты қашаннан өткенін ұлықтап, өшкенін қайта жандыруда салтынан жаңылған емес. Бүгін де осындай игі шараның күесі болып отырмыз. Алмаш ана атындағы турнирдің маңызы жоғары. Бұл шара қатысушыларды тек спортқа баулумен шектелмей, өнегелі өмір жолынан үлгі алуды үндейді. Алмаш ана атындағы аудандық турнирдің маңызы осында. Барлық қатысушы командаларға сәттілік тілеймін, – деді аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Еркебулан Жамалатов. Футзалдан өткен аудандық турнирде ауданға қарасты барлық елді мекеннен келген 16

еді» дейді Қоғажай Ерғалиқызы.

Бұл ерлік Алмаш әжейдің палуан екенін көрсетіп тұрған жоқ па? Ол 1970 жылы 10 сәуір күні «Ленин» орденімен марапатталады. 1975 жылдың 17 наурызында Қазақ ССОР Республикалық комитеті «Ударник девяти пятилеток» тесбелгісімен марапаттайды. 1975 жылы маусым айында Жалағаш аудандық Еңбекшілер депутаттарының «Ақсу» ауылдық Советінің депутаттығына сайланады. 1961 жылдың көктемінде «Өрік ағашы» деген жерде күріш егіп, сушы болып жұмыс істейді. 1961-1963 жылдары аралығында ауданда балық зауытында жұмысшы болып еңбек етті. Ал 1963-1967 жылдары наубайханада жұмыс жасаған 1967 жылдан зейнет жасына шыққанша көп жылдар бойы Элеваторда жұмысшы болып еңбек етті.

Алмаш ана соғыс кезінде жастайынан еңбекке араласып, зейнетке шыққан соң «Тыл ардагері» атанды. Адал жар, аяулы ана, ардақты әже дүниеге 6 перзент әкеліп, олардан 28 немере, 87 шөбере, 6 шөпшек сүлді. 2020 жылдың 9 шілде күні 88 жасында дүние салды. Кешегі Алмаш ана атындағы турнирде осындай тағалымға толы естеліктер айтылды. Ұрпақтары қиын кезеңдерде адал еңбекпен шыңдалған ардақты ананың тағалымды өмір жолын сөз етсе, ұйымдастырушылар шараның маңыздылығына тоқталды.

– Жалағаш жұрты қашаннан өткенін ұлықтап, өшкенін қайта жандыруда салтынан жаңылған емес. Бүгін де осындай игі шараның күесі болып отырмыз. Алмаш ана атындағы турнирдің маңызы жоғары. Бұл шара қатысушыларды тек спортқа баулумен шектелмей, өнегелі өмір жолынан үлгі алуды үндейді. Алмаш ана атындағы аудандық турнирдің маңызы осында. Барлық қатысушы командаларға сәттілік тілеймін, – деді аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Еркебулан Жамалатов. Футзалдан өткен аудандық турнирде ауданға қарасты барлық елді мекеннен келген 16

команда қатысып, өзара бақ сынады. Жарыс шымылдығын «Мәдениет» пен «Жастар – 2004» командасы ашты. Алғашқы ойында мәдениеттіктер айқын басымдықпен жеңіске жетті. Ал жастардан құралған команда ойын соңына дейін жұбаныш голын да соға алмады. Осылайша мәдениеттіктердің 4 голы да жауапсыз қалды.

Қос команда алаңды «Сұңқар» мен «Жалағаш жастары» командасына босатты. Бұл кездесуде жастардың бағы басым болды. Алаңда еркін көсілген «Жалағаш жастары» қарсылас қақпасына 4 гол тоғытты. Ал «Сұңқар» жұбаныш голын соғумен шектелді. «Бұқарбай батыр» мен «Таң» командалары арасындағы ойын да тартысты өтті. Ойын соңына дейін тең өнер көрсеткен батыр атындағы ауыл жігіттері соңында сыр берді. Мұны тиімді пайдаланған «Таң» командасы есепті еселеп үлгерді. Осылайша қарсыласын жарыс жолынан ысырды.

«Далдабай» мен «Темірбек Жүргенов» командалары арасындағы кездесу драмаға толы ойын болды. Бірінші болып қос команданың бірі гол соқса, артында есеп тегісіп жатты. Дәл осылай қос команда бір-бірінің қақпасына 4 гол тоғытты. Десе де ойынның соңғы уақытын тиімді пайдаланған қайраткер атындағы команда кездесудің бесінші голын соғып, қарсыласын жарыс жолынан қалдырды. «Мерәлі Шәменов» пен «Ақарық» командалары ойын соңына дейін бір-бірін ала алмады. Қосымша уақытта да тең тарқасқан қос команда 11 метрлік айып добын орындауда өзара мықтыны анықтап, келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салды. Бұл сайыста кент іргесіндегі ауыл жігіттерінің бағы басым болды. Турнир Ақарық жігіттері үшін осымен тәмам.

Дәл осы уақытта «Ақсу» мен «Адия» командалары кездесіп жатты. 2:1 есебімен ауыл жігіттері келесі кезеңге өтті. Ал «Адия» турнирдің алғашқы кездесуінде-ақ сыр алдырды. Алғашқы айналымда «Жастар

«Қаракеткенді» айқын басымдықпен жеңді. Қарсылас қақпасына жастар 4 гол тоғытса, ауыл жігіттері жұбаныш голын соғумен шектелді.

Алғашқы айналым «Дәуімбай» мен «Наркескен» арасындағы ойынмен аяқталды. Бұл кездесуде Дәуімбай жігіттері «Наркескен» қақпасына жауапсыз 3 гол тоғытты.

Бірінші айналым тәмам, 16 командадан 8 команда келесі кезеңге өтті. Кіп мықтылар іріктелген екінші айналым біз ойлағаннан да тартысты болды. Жеребе бойынша «Ақсу» екінші айналымда «Танды» қабылдады. Кент іргесіндегі жігіттер бабында тұр екен. Бұл кездесуде «Ақсу» қарсылас қақпасына қатарынан 3 гол соқса, «Таң» тек жұбаныш голын салуға жарады.

Алғашқы айналымда «Наркескенді» айқын басымдықпен жеңген Дәуімбай жігіттері келесі кездесуде сыр алдырды. Олардың ойын барысындағы қателігін қайраткер атындағы ауылдан келген жігіттер кешірмеді. Қонақтар «Дәуімбай» қақпасына жауапсыз 4 гол тоғытып, жартылай финалға жолдама алды.

«Мерәлі Шәменов» бұған дейінгі «Ақарықпен» кездесуінде келесі кезеңнің жолдамасын 11 метрлік айып добын орындау арқылы алған. Келесі кезеңде де есепте еш өзгеріс болған жоқ. Қос таймды да олар «Жастармен» 2:2 есебімен аяқтады. Алайда жастар бұл кездесуде «Мерәлі Шәменов» командасын жарыс жолынан ысырды.

Бірінші ойынды айқын басымдықпен аяқтаған «Мәдениеттің» келесі кезеңде жолы болмады. Оларды «Жалағаш жастары» айқын басымдықпен жеңіп, жартылай финалға жолдама алды.

Жартылай финал ақтық мәреге ақсулықтар үшін бір қадам қалды. Олар қайраткер атындағы ауылды осы кездесуде жеңсе, кемінде екінші орынды алатын. Алайда «Темірбек Жүргенов» командасы бұл турнирге тыңғылықты дайындықпен келіпті. Ақсулықтар алғашқы болып есеп ашқанымен

оған қайраткер атындағы команда үш мәрте жауап қайырды. Алайда олардың екі голы жауапсыз қалды.

Жартылай финалда «Жалағаш жастары» мен «Жастар» командасы да ақтық мәренің жолдамасын сарапқа салды. Осылайша финалға қарсылас қақпасына 4 гол салған «Жастар» өтті.

Дәл осы кездесуде сүрінген «Ақсу» мен «Жалағаш жастары» бірінші болып үшінші орынға таласты. Бұл кездесуде біз ойлағандай көп гол бола қойған жоқ. Қос команда ойын соңына дейін қорғанысқа басымдық берді. Небары 1:0 есебімен кент іргесіндегі ауыл жігіттері үздік үштікті түйіндеді.

Ақтық мәре. 16 команданың ішінде қарсылас шақ көлтірмеген қос команда. Жан-күйерлердің де көңілі күпті. Бұл кездесуде «Жастардың» басы бағым бола ма, әлде қайраткер атындағы ауылдың жігіттері жеңіске жете ме? Барлығының көкейінде тұрған осы сұрақ.

Иә, сөз басында айтқанбыз. «Темірбек Жүргенов» командасы расында бұл турнирге тыңғылықты дайындықпен келіпті. 4:1 есебімен жеңіске жеткен ауыл жігіттері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығында жерлерестеріне жеңіс сыйлады.

Осылайша Алмаш ана атындағы турнирдің кубогы «Темірбек Жүргенов» командасына бұйырды. Олар бұдан бөлек Алмаш ананың ағайын-туыстары әзірлеген қаржылай 70 мың теңге сыйақыға ие болды. Ақтық мәреде сүрінген «Жастар» да мұндай сыйақыдан құр қалмады. Оларға 50 мың теңге қаржылай сыйақы мен екінші орынның арнайы дипломы табысталды. Ал үздік үштікті түйіндеген Ақсу жігіттеріне 30 мың теңге берілді.

Мұнан бөлек керемет ойын өрнегімен кезге түскен қатысушылар да қаржылай сыйақыдан құр қалмады. Олардың қатарында «Үздік қақпашы» номинациясына ие болған «Мерәлі Шәменов» командасының ойыншысы Нағмет Бақдәулет, «Үздік қорғаушы» номинациясына лайық деп танылған «Жалағаш жастары» командасының ойыншысы Аймахан Шығыс және «Үздік шабуылшы» номинациясының иегері, «Жастар» командасының ойыншысы Батырхан Ысқақов бар.



Брифинг

# Сақтық шаралары аурудың алдын алады

Адам өміріне қауіп төндіретін ауру түрлері өте көп. Қарапайым жәндіктердің өзі адам өмірін қиып, қайғыға душар етуі мүмкін. Сондай-ақ кей ауру түрлерінің жұғу түрлері өте қарапайым әрі тез болғандықтан қанша адам денсаулығынан айырылып жатады. Өйткені ағзадағы ауруды әбден асқынғанша байқамауы мүмкін. Сол себепті де медицина мамандары сау адамның өзіне жыл сайын, тіпті жылына екі рет толық медициналық тексерулерден өтуіне кеңес береді.

Қазіргі кезде жаз айларында өршітін аурудың да түрлері көп. Бұған дейін тасымалдаушысы көне болатын конго-қырым қандыбезгегі тұрасында сөз еткен едік. Енді Жалағаш аудандық СЭБ басқарма бөлім басшысы Г.Жалғасова брифинг өткізіп, жұқпалы жедел ішек ауруларының алдын алу, аурудың белгілері туралы кеңінен ақпарат берді.

Негізгі жұқпалы жедел ішек аурулары өлемде кең тараған жұқпалы аурулардың қатарына жатады. Барлық аурулардың ішінде респираторлық жұқпалы аурулардан кейінгі 2-ші орынды алады. Жедел ішек ауруымен ауырағандардың 60 пайызын балалар, оның басым бөлігін 2 жасқа дейінгі сәбилер құрайды. Жаз, күз мезгілдерінде жіті ішек жұқпаларымен ауыратын науқастар саны көбейе түседі. Өйткені бұл мезгілдерде ауа-райының жылып, күннің ыстық болуы ауру қоздырғыштарының сақталып қана қоймай, тез бұзылатын тағам түрлері ет, сүт, балық өнімдерінде, салаттарда, кремді, кондитерлік өнімдерде көбіне тусуіне қолайлы әсер етеді. Сонымен қатар жаз, күз мезгілдерінде топырақпен тыңайтқыштармен ластанған көкөніс, жеміс-жидектерді жумай жеу аурудың көптеп тіркелуіне себеп болады.

Ауданда қаңтардан осы уақытқа дейін жұқпалы жедел ішек инфекциясының алғашқы диагностикасымен 38 науқас тіркелді. Өткен жылдың осы кезеңінде 24 науқас тіркеліп, биыл сырқаттану жағдайы 1,3 есеге өскені белгілі болып отыр. Әсіресе аталған аурумен ауырағандардың саны мамыр айынан бастап күрт өскені байқалуда. ЖЖИ-дің зертханалық жолмен нақтылануы 2,6 пайызды ғана құрады. «Регрессия» есебімен қысқа мерзімді болжам жасау нәтижесімен аурушандық жыл аяғында 9,9-81,0 аралығында қалыптасып, аудандағы ЖЖИ-дің эпидемиологиялық ахуалы «қанағаттанарлықсыз» болып отыр.

Сонымен бірге осы жылы тіркелген ЖЖИ аудандағы 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 89,1 құрады. Ал ЖЖИ-ның 78,9 пайызы – 14 жасқа толмаған балалар. Оның 23,3 пайызы – 1 жасқа толмаған нәрестелер, 30 пайызы 1 және 23,3 пайызы 2 жас-тағы нәрестелер арасынан тіркеліп,

2 жасқа дейінгі балалардың аурушандығы белең алды. Тіркелген ЖЖИ науқастардың басым көпшілігі, яғни 73,63 пайызы кент тұрғындары арасынан, қалғандары Мәдениет, Есет батыр, Бұқарбай батыр, Аққұм және Ақсу ауылдарына – деген маман аурудың алғашқы белгілерінен де толығырақ хабардар етті.

Брифингте айтылған мәліметтерге сүйенсек, жұқпалы жедел ішек инфекциясының алғашқы белгілеріне іштің жиі су сияқты өтуі, дене қызуының көтерілуі, нәрестенің емуден бас тартуы, асқа тәбетінің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селкостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретінде қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы жатады. Науқаста қайталамалы құсу орын алып, іш өткен сайын баланың жағдайы ауырлай түседі. Өйткені ағза өз тіршілігіне қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастағаннан дәрігерге көріну керек. Мұндай кезде дәрігер келгенше немесе жеткенге дейін біраз уақыт кетеді. Сондықтан мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықтықты молынан көбірек ішкізген жөн. Маманның сөзінше, өздігінше емделу аурудың асқинуына әкеліп соғуы да мүмкін, тіпті созылмалы формаларына ұласуы да ғажап емес.

Жалағаш аудандық СЭБ басқарма бөлім басшысы Г.Жалғасова брифинг барысында жұқпалы жедел ішек ауруларының алдын алу шараларына тоқталды. Қашаннан «ауырлық ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейміз ғой, бірақ өз айтқанымызбен өзіміз келіспей, денсаулығымызды нашарлатып алып жатамыз. Барлығы нөмірқайды қараудан, салғырттықтан болатыны даусыз. Ал науқастары саны бойынша алдыңғы тізімде тұрған жұқпалы жедел ішек инфекциясының алдын алу шаралары аса қиындық туғызбайды. Мәселен, сәбилерді 1 жасқа дейін тек қана ана сүтімен қоректендіру, жеке бас тазалық шараларының қарапайым қағидаларын сақтау, суды тек қайнатылған түрде, сүтті пісіріп ішу, көкөністер мен жеміс жидектерді мұқият жуу, қайнаған сумен шаю, ас дайындауға, ыдыс жуу және ауыз су үшін ашық су көздерін пайдаланбау,



қайталап өтейік, инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуына, азық-түліктерден, яғни жуылмаған, тез бұзылатын тағамдарды таңақытша сақтау, жиналып қалған қас-қоқыстарды уақытылы тазалап отыру, ауру тасымалдаушы болып табылатын шыбындарға қарсы есік, терезелерді торлау, әртүрлі дәрілерді пайдалана отырып жою, балаларды әрбір тамақтандырар және тамағын дайындай алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек, оның әрбір затын ойыншықтарың, бөтелкесі мен емізгіктерін таза жағдайда ұстау аталған дерттен сізді сақтайды. Ең бастысы ішек инфекцияларының алдын алу үшін жеке бас тазалығын қатаң сақтаңыз.

Ал «Жұқпалы жедел ішек аурулары асқазан-ішек жолдарының қабынуымен сипатталатын патогенді, шартты патогенді бактерия, вирустан болатын диареямен адам ағзасының ұлттануымен және сусыздануымен сипатталатын әртүрлі жұқпалы аурулар тобы. Жедел жұқпалы ішек ауруларының тобына дизентерия, іш сүзегі, А, В паратифтері, тағамдық токсикоинфекция, сальмонеллез, гастроэнтериттер жатады. Жоғарыда аталған жұқпалы ішек аурулары бір топқа жатқанымен, ауруларды әртүрлі қоздырғыштар тудырады және олар әрқалай өтеді» деген Г.Жалғасова аталған ауру өлемде кең таралған дерттердің бірі екенін де жасырмады. Яғни инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғыш ішекте өсіп жетіледі, микробтар нәжіспен сыртқы ортаға түсіп тарайды. Тағы да

қайталап өтейік, инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуына, азық-түліктерден, яғни жуылмаған, тез бұзылатын тағамдарды таңақытша сақтау, жиналып қалған қас-қоқыстарды уақытылы тазалап отыру, ауру тасымалдаушы болып табылатын шыбындарға қарсы есік, терезелерді торлау, әртүрлі дәрілерді пайдалана отырып жою, балаларды әрбір тамақтандырар және тамағын дайындай алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек, оның әрбір затын ойыншықтарың, бөтелкесі мен емізгіктерін таза жағдайда ұстау аталған дерттен сізді сақтайды. Ең бастысы ішек инфекцияларының алдын алу үшін жеке бас тазалығын қатаң сақтаңыз.

Тағы айта кететін жайт, жұқпаның негізгі көзі науқас адам, сондай-ақ ауру тасымалдаушылары болып табылады. Су, тағам және тұрмыстық қарым-қатынас арқылы таралады. Сондай-ақ бала күтімінің нашарлығы және сәбилерді қосымша тамақтандыру кезінде ас дайындаудағы тиісті ережелерді сақталмауы аурушандықтың сәбилер арасында тіркелуінің негізгі себептері болып отыр. Көбіне екі жасқа толмаған нәрестелер арасында инфекция көптеп тіркелетінін бірден-бір себебі де осы.

Брифинг барысында айтылған аурудың алдын алу шаралары мен алғашқы белгілері қарапайым болғанымен, өлемде осы аурудың өршіп тұрғанын айтады маман Иә, сайып келгенде аурудан ада, дерттен аман болу үшін жеке бастық тазалығына аса мән беру керек. «Сақтансаң сақтайтының» тағы бір еске саламыз. Денсаулығыңыз өз қолыңызда екенін ескеріп, медицина мамандарының әрбір кеңесіне салғырт қарамаңыз. Бұл өзін-өзі үшін өміріңіз үшін өте маңызды. Себебі әр азамат қоғамның байлығы.

Н.АЛПАСҚЫЗЫ

Ата Заңымызда Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, сондай-ақ оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені көрсетілген. Сот билігі ҚР атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.



# Заң алдында бәрі тең

Судьяның әділ төрелікті дөп басып айтуы маңызды. Осы бағыттағы сот жүйесіндегі реформалар тәуелсіз Қазақстанның Жаңа Қазақстан құрылымында әділ сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін, көтерер жүгін арттырады. Конституцияға сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары бірдей қорғалады, оларға кепілдік беріледі және ешкім айыра алмайды. Нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталады. Соған сай республика азаматтары құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

Азаматтың өз құқықтарын мен бостандықтарын жүзеге асыру конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Олардың құқықтары мен бостандықтары, қажетті қорғаныш қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғалады. Сонымен қатар әр адамның құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына және білікті заң кемегін алуға құқығы бар.

Заңда көзделген реттерде заң кемегі тілген көрсетіледі. Ата Заңымызға сәйкес, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе басқа да жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Ар-ождан бостандығы құқығы белгілі бір міндеттемелерге байланысты шектемеуге тиіс. ҚР азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс екені көрсетілген.

Мәселен, бас құжатта сот пен судьялардың жұмысын реттеп, жүйелендіретін тетігі жасалған. Сол арқылы азаматтарды мінсіз қорғау, қауіпсіздігін сақтау, мүддесін тапталпау мақсаты көзделген. Мәселен, Конституцияның 14-бабының бір тармағында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» екені белгіленген. Бұл халықтың өзіне деген сенімін арттырып, құқығын мемлекет қорғайтынын нақтылайды. Сонымен бірге осы баптың екінші тармағында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп шегеленіп көрсетілді. Бұл да өркениетті, құқықтық мемлекетте адам құқығының басты назарда екенін дәлелдейді.

Ата заңымызда соттар мен сот төрелігінің жұмысы VII бөлімге жинақталған. Мұндағы 75-бап «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратынын» нақтылайды. 77-бап арқылы мемлекеттегі сот төрелігінің маңызы мен мәні белгіленген. Онда көрсетілгендей, «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады», бұған қоса осы баптың екінші тармағы «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке өкел соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейтін» заңдық тұрғыдан бекіткен.

Жалпы алып қарасақ, сот – сөйлейтін заң. Себебі даудың ақ-қарасын ажыратып, тура төрелік ету тапсырылған судья өзінің әділ шешімі арқылы халықтың сотқа ғана емес, мемлекетке деген сенімін қалыптастыруға міндет. Азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғап, елде заң үстемдігін орнату үшін отандық сотта түрлі реформалар қолға алынды. Соның ішінде алқабылар сотының енгізілуі, «Медиация туралы» заңның қабылдануы, мамандандырылған соттардың пайда болуы, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың күшейтілуі, жария-құқықтық дауларды сапалы шешу үшін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануы секілді бастамалардың барлығы саланы жаңа биікке көтеріп, жұмысын жандандырды.

Ең бастысы, халықтың сот қызметіне деген сенімін нығайтып, сот құрылымына үлкен өзгеріс, оң нәтиже әкелді. Мұның барлығы заң үстемдігі тұжырымдамасы ешкімнің заңнан жоғары бола алмайтынын, заң алдында бәрі тең екенін айқындайды.

Болат ИСАФАБИЛОВ,  
аудандық соттың бас маманы

Сақтансаң, сақтайды

# Алаяқтық – арсыздың ісі

ӨЗГЕНІ АҚЫСЫН ЖЕУ, БІРЕУДІ АЛА ЖІБІН АТТАУ, ҰРЛЫҚ ҚАШАННАН КІСІНІ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕНГЕН ЕМЕС. ЖАМАН ПИҒЫЛДЫҢ АРТЫ АДАСУ, АДАСУДЫҢ АРТЫ ҚЫЛМЫС, ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ ЖАЗА ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА АЛАЯҚТЫҚТЫ ТОЛЫҚТАЙ ТОҚТАТУ МҮМКІН БОЛМАЙ ТҰР. ӨЙТКЕНІ ҚОҒАМДА ӘРТҮРЛІ АДАМ, ӘРТІҮРЛІ КӨЗҚАРАС БАР. СОНДЫҚТАН АЛАЯҚТЫҚТАН САҚТАНУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ ӘР АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ДЕЙМІЗ.



Жалпы, алаяқтық – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген бөтен мүлкіті ұрлау немесе алдау және сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлкікке құқық алу түрі. Бұл мәселенің өзектілігі қылмыс туралы статистикалық мәліметтерге байланысты.

Аймақтағы алаяқтыққа қатысты тіркелген қылмысты өткен жылдың 4 айымен салыстырғанда 17 пайызға, яғни 6-дан 5-ке азайған. Оның ішінде үшеуі немесе 60 пайызы интернет арқылы жасалған алаяқтықтар болған. Күн сайын алаяқтар интернет желісінде өз кеңістігін кеңейтуде. Адамдар желіде жарияланған кез келген мүлкіті сату туралы хабарландыруларға сеніп, зиянкестердің құрбаны болады. Ештеңе білместен олар мессенджерлер арқылы банктік карталардың, жеке куәліктердің суреттерін бөтен адамдарға жібереді. Ақша көздерін ұсыныстармен тексермей аударылады. Осының салдарынан сан соғып қалған талай жағдайлар болған. Сондықтан біз сақтансақ, сақтайтынын қаперден шығармасқа дейміз.

Таурды сатып алу немесе пәтерді төмен бағаммен жалға алу ниеті алдын ала төлемді банк картасына жіберуге, нәтижесінде тауар (қызмет) немесе ақшаны қайтаруға өкеледі. Бұл ретте интернет-алаяқтыққа көптеген жолдары бар.

Мысалы, «Р.М.» есімді азамат ақпараттық жүйені пайдаланушының сенімін теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкіні алдап алу мақсатында 05.01.2020 жылы өзінің ұялы телефонымен әлеуметтік желі

арқылы жеңгесі «З.Б.» атынан «Фин-кап» ЖШС-ның атынан 15 мың теңге несиесі рәсімдеп, оны жәбірленушінің «Халық банк» акционерлік қоғамының банкомат карточкасына аударған. Одан әрі өз әрекетін жалғастырып, 06.01.2020 жылы әлеуметтік желі арқылы «Капива» ЖШС-дан жеңгесі «З.Б.» атынан қайтадан өзінің абоненттік нөмірі мен жәбірленушінің «Халық банк» акционерлік қоғамының банкомат карточкасын енгізу арқылы 16 мың теңге несиесі рәсімдеген. Сол күні «Р.М.» жеңгесі «З.Б.»-дан оның «Халық банк» банкомат карточкасын басқа мәселелерге пайдаланатындығы жөнінде жалған айтып, банкомат карточкасын алдап алып, жәбірленушінің атынан рәсімдеген барлығы 31 мың теңге несиені шешіп алған.

Қылмыстық істі тергеп-тексеру нәтижесімен негізінен қарау үшін сотқа жолдап, сот барысында сотталушы жәбірленушімен татуласып және келтірілген шығынды толық өтеуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Сонымен қатар республика бойынша көптеген микрокредиттік ұйымдар жұмыс істейді, онда 18 жасқа толған кез келген азамат жеке куәлігі, банктік шоты және абоненттік нөмірі болған жағдайда онлайн несиесі ала алады. Алаяқтар банк деректемелерін (банк картасының нөмірі, ЖСН, жеке куәлік) алғаннан кейін әртүрлі жолдармен ақша аудару керек деп хабарлайды, бірақ картаның өзінде бұғатталған немесе басқа себептермен банк картасы жоқ.

Көрсетілген деректемелерді алғаннан кейін сенімді азаматтарға әртүрлі микрокредиттік ұйымдарда онлайн

қарыздар рәсімделеді. Сондай-ақ зиянкестер кез келген жаңалықтарға бейімделеді, сондықтан алаяқтықтың бұл түрі тек әлеуметтік желілерде ғана емес, сонымен қатар басқа да интернет-сервистерде хабарландыру арқылы таратылады (OLX, Крыша, Kolesa.kz және т.б.).

Көптеген азамат әлеуметтік желілерде шотты жылжыту және бас-тапқы жарнамен ақша қаражатын көбейту туралы хабарландыруларды орналастыратын зиянкестердің құрбаны болады.

Ұтысты алу үшін «Qiwі әмиянына» бастапқы жарнаны аудару қажет. Әрі қарай жәбірленушіге букмекерлік кеңседегі ұтыс орын алғанын және ұтысты алу үшін «Qiwі әмиянын» қайтадан толтыру қажет екенін хабарлайды. Содан кейін алаяқтар жәбірленушінің ақшаунтын бұғаттайды.

Бүгінгі таңда осы санаттағы қылмыстардың көпшілігі банктік карталарды қолдану арқылы жасалады. Алаяқтар өздерін банк өкілі ретінде таныстыра отырып, картаны қолданушыға қоңырау шалып, бұғаттауды және басқа да жағымсыз әрекеттерді болдырмау үшін картаны банк терминалы арқылы дереу тек-

серіп, оны іске қосу қажет екенін хабарлайды.

Алаяқтардың одан әрі нұсқауларын орындау кезінде азаматтар өздері байқамай-ақ банк картасының деректемелерін және тіпті ПИН-кодты хабарлайды, нәтижесінде айтарлықтай ақша сомалары жәбірленушілердің карталарынан есептен шығарылады. Мұндай жағдайларда азаматтарға қырағы болуға және өздерінің жеке деректерін үшінші тұлғаларға хабарламауға, интернет-алаяқтардан қауіп төндірмеу үшін тиісті тексеруші бөтен адамдарға ақша жібермеуге кеңес беріледі.

Иә, біз бұған дейін алаяқтардың құрбаны болмау үшін оның алдын алуға негізделген бірнеше рет түсіндірме жұмыстарын жүргізгенбіз. Бастысы, ел осыдан сабақ алса дейміз. Қай уақытта да сақтансақ, сақтайтынын қаперден шықпауы керек. Сонда ғана қылмыстың алдын алуға жол ашылады.

Р.БАҚБЕРГЕНОВ,  
аудан прокурорының орынбасары



Ұлт болашағы сөз болған
Ұлттық құрылтай

Киелі шаһар, Түркістан төрінде Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтті. Ел ертеңі десе, өлеңдеп отырамыз ғой, «Не айтылады, қандай мәселелер көтеріледі, қалай өтеді» деп экранның арғы жағынан көріп, сан сауалға жауап іздедік.

Маңызды жиында Ел Президенті жас ұрпақ тәрбиесінен бастап, ел мен жер мәселесін, мемлекеттік нышандар, тарихи сана-сезім мен ұлттық болмысты нығайту, ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеу, ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, сондай-ақ ең маңызды іс мемлекеттік саясатта талдау, сараптаудың сапасын арттыру, бұл бағыттағы жұмыстардың динамикасын көтеруге тоқталды.

Өскелең ұрпақтың тәрбиесі, білімі бүгіннен толғандыратын мәселе. Бұл туралы Президент жиында сөз етсе, тіпті жыл сайынғы әрбір Жолдауында да қамтып жүргенін жақсы білеміз. «Өскелең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе. Біз ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет. Жалпы, дүние жүзіндегі әр ұлт – бірегей. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Табысқа жету үшін жоспарымыз қол жетпес қиялға не болмаса жалаң сөзге емес, нақты іске негізделуі керек. Сонда ғана оның бәрі жұртқа түсінікті, анық болады. Яғни, «Қайтсек табысты елге айналамыз?» деген сұрақтың жауабы айқын болуға тиіс», – деді Мемлекет басшысы. Әрине, бүгінгі өскелең ұрпақ жан-жақты, бәсекеге қабілетті, заман сүзгісінен өте алатындай білімді және бірнеше тілде еркін сөйлей алуы керек. Бұл біздің талап емес, бұл заманның талабы. Өйткені білеу емес, біліммен жығатын кезек. Осыны ескерген Мемлекет басшысы да Ұлттық құрылтайда жас ұрпақтың болашағын жарқын етуге бағытталған жұмыстардан айналып өтпеді.



аманатқа адал боламыз дегені қазақстандықтардың көкейінде жүрген осы мәселенің түйінін тарқатты деп ойлаймыз. Жалпы Ұлттық құрылтайда көтерілген сөз мәселе де кезек кезеңіміз жүзеге асатынына сенуге болады. Кейбірі қазірдің өзінде қолға алынбай, жүйесін тапты. Бірақ бізден талап етілері бір ғана нәрсе ол – бірлік. Ел Президентінің Қазақстан халқынан сұрағаны да осы ауызбіршілік, халықтар достығын сақтау және бейбітшіліктің бедерін бұзып алмау. Сонда біз еліміз алға мақсат еткен байырғы бастамалардың бәріне қол жеткіземіз.

белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады» деген қуатты сөзінің астарында «Адалдық арзанға қол емес» деген қатаң қағида жатқаны белгілі. Абай айтқандай, «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі». Ұлтының алдында ары таза адам, әділетсіздік ауылынан айналып өтіп, әділдіктің ақ Туын әділ қоғамның шаңырағына қадамауы ма еді?! Сонда ғана ұлттық бірегейлігіміз нығайып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру жолындағы жүйелі жұмыстарға жол ашылмай ма?! Жемқорлықсыз қоғамның қарыштап дамытынына да дау жоқ қой. Ал бүгінгі Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адалдық арлы адамның ісі» деп қадап айтуы қоғамда ізгілік пен адалдықты бірге қалыптастырайық дегені емес пе?!

Нұр НАУАН

Бәрекеді!



Өнері өрелі өрендер

Қазақ халқында сахна өнері, оның ішінде би өнері бұрыннан ерекше қошеметке ие. Бекзат өнер саналатын би көрерменге адамның ішкі жан дүниесі мен мінез-құлқын дөңгелек жеткізуді мақсат етеді. Ол жай қимылдан, құр қозғалыстан тұрмайды. Биді көзбен көріп қана қою аз, оны жүрекпен түсіну қажет. Тіпті тіл жеткізе алмайтын дүниелерді бимен айшықтауға болады. Одан бөлек бұл өнердің денсаулыққа тигізер пайдасы да орасан. Ол адамның арқа, іш, аяқ бұлшық еттерін нығайтады әрі сергектік сыйлайды. Буын мен омыртқадағы зат алмасуын жақсартуға септігін тигізеді. Ал шетелдік мамандар бишілік өнер адамға мол энергия мен мықты қуат береді деп есептейді.

Қазақтың ұлттық би өнері дегенде, ең алдымен көз алдымызға Шара Жиенқұлова елестейтін рас. Себебі Шара Жиенқұлова – қазақ би өнерінің алғашқы қарлығашы, сонымен бірге «Қазақ би жөк» деген түсінікті бұзған көсіби маман. Шара Баймолдақызы – Польша, Чехославакия, Қытай, Франция, Италия, Моңғолия, Үндістан, Иран, Сирия, Ливан сияқты елдерде қазақтың ұлттық би өнерін көрсетіп, насихаттап, сонымен бірге сол елдің ұлттық би үлгілерін бізге жеткізе білген хас шебер. Ол ұлттық би өнерін ғылыми тұрғыда терең зерттеп, «Айжан қыз», «Қара жорға», «Тәттімбет», «Қырық қыз» сияқты билерді шығарып, би арқылы халқының өдет-ғұрып, салт-дәстүрін насихаттаған халық биеіне жаңа түр, жаңа сипат берді. Бүгінде Шара Жиенқұлованың жолын ұласып, би өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып

келе жатқан мың бұралған бишілеріміз баршылық. Саналуан сайыстарда бақ сынап, аудан абыройын асақаттып жүрген өнерпаздарымыз – аудандық өнер мектебінің «Хореография» класы оқушыларынан құралған «Art-Action» би тобы. Бүгінде «Art-Action» би тобы сахнаның көркіне айналып, талай мәрте облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанды. Атап айтар болсақ, 2022 жылы облыстық «Қайнар бұлақ» хореографиялық байқауына қатысып, «Топтық би» номинациясы бойынша дипломант атанды. 2022 жылы облыстық «Қайнар бұлақ» хореографиялық байқауына қатысып, «Жеке би» номинациясы бойынша Азат Садунов қатысып, жүлделі ІІ орынды иеленді. 2022 жылы республикалық «BALA FEST» байқауынан І орын, 2023 жылы об-

лыстық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауынан бас жүлдені иеленіп, халықаралық байқауға жолдама алды. Алматы қаласында өткен байқауға 1120 өнерпаз Қырғызстан, Қытай, Беларусь және Тәжікстан республикаларынан қатысты. Солардың бірі – Жалағаш ауданынан «Art-Action» би тобы. Байқауда Қазақстан, Армения, Өзбекстан және Беларусьияның хореограф мамандары қазылық жасады. Өнерпаздар байқауда 2 би қойылымын орындады. Жалағаш ауданының атынан қатысқан «Art-Action» би тобы бұл байқауда әділқазылар мен халыққа «Ерке сылқым» мен «Қарақшылар» бин ұсынды. Бірнеше күнге созылған байқауда біздің өнерпаздар өзгелерден оқ бойы озық болып, нәтижесінде жүлделі І орынды иеленді.

«Хореография» класы 2018 жылы ашылды. Қазіргі таңда бізде 1 ші және 2 ші класс оқушылары бар. Жалпы барлығын қосқанда 36 өнерпаз. Оқушылар хореографияны 4 класс бойынша оқып шығады. Онда оқушыларға халық биі, классикалық би, заманауи би, музыка сауаттылығы, ретмика деген пәндер бойынша сабақ өткізіміз. Және әр топқа, класс сайын оқушылар осы пәндерден емтихан тапсырып, кластан-класта көшіп отырады. «Art-Action» би тобының шығармашылық қоржынында «Ерке сылқым», «Хорезм», «Жастар» биі, «Қарақшылар» биі, «Шашу» биі, «Қуыршақтар» биі, «Орыс биі және т.б. әртүрлі үлт билері бар. Әр жаңа туындағы түрлі сахналық костюм тіктіріп, үлкен дайындық кіріспеміз. Алматы қаласында өткен байқауға 2 класстың оқушылары, яғни 16 өнерпаз қатысып қайтты. Байқауға қатысуға ықпал жасап, демеушілік көрсеткен ел ағалары «Асар Холдинг ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Қожахмет Баймаханов пен Жалағаш аудандық мәслихат депутаты, жеке кәсіпкер Абай Байпанұлына ерекше алғысымызды білдіреміз, – деді би тобының жетекшісі Айбарша Үсейін. Балаларды өнерге дайындауда аянбай еңбек етіп, жеңісі мен жемісін көріп жүрген Айбарша Бекбайқызы – аудан, облыс өкімдерінің алғыс хаттарымен облыстық білім бөлімінің арнайы «Құрмет» грамотасымен марапатталған білікті маман.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Menşik isi: SYR MEDIA жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Bas direktor Amanjol OŃARBAEV Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Bas редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Bas direktor - 8(7242) 70-00-36 Bas редактор - 32-0-41 Bas редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 968